

**С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті
“Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы”
кафедрасы.**

Құс шаруашылығы. Тауық шаруашылығы

**Орындаған: Шеңгелбай Дархан, Асқарбай Нұрзат 204-
топ вет.мед.**

Тексерген: Титанов Ж.Е.

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДЕГЕН НЕ?

- Асыранды құстарды қолда өсіруді **құс шаруашылық** деп атайды.



ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ

- Құс шаруашылығы — ауыл шаруашылығының ең жаңа және ең қарқынды дамып келе жатқан саласы. Өнімнің қысқа мерзімде өндірілуі нарық сұранысына бағыт-бағдар ұстауға мүмкіндік береді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Солтүстік Америка мен Батыс Еуропа елдерінде бройлер балапандарын өсіретін ірі құс өсіру кешендері қалыптаса бастады. Бүгінгі таңда құстың саны жөнінен Қытай, АҚШ, Ресей, ал жұмыртқа өндіруден Қытай, АҚШ, Жапония, Ресей және Үндістан ерекше көзге түседі. [\[1\]](#)



- Тауықтар — тауықтәрізділер отрядына жататын құс, ауыл шаруашылық құстарының неғұрлым кең тараған түрі. Еті мен жұмыртқасын, қауырсыны мен мамығын алу үшін өсіріледі.



- Олардың барлық тұқымдарының арғы тегі – бұдан 5 мың жыл бұрын Үндістанда қолға үйретілген жабайы банкив тауығы.



ТАУЫҚТАР

- Төбесінде теріден тұратын айдары, құлақ сырғалықтары, қоразының аяғында сырғалығы мен сүйір тепкісі болады. Қауырсындарының түсі әр түрлі. Көпшілік тұқымдарының артқы жіліншігі мен тұмсығы сары кейде қызғылт, қара болады. Тауықтардың денелері тығыз, табандары үнемі жер бетінде жүретіндіктен мықты, төрт саусақты, тырнақтары қатты жерлерді де қазуға бейімделген. Қаңқасы дала құстарымен салыстырғанда ауырлау. Қанаттары қысқа, ұша алмайтындықтан оларды өте сирек пайдаланады. Жұмыртқа салатын, балапандарын басып шығаратын қолайлы жерді өздері таңдап алады.



ӨНІМДІЛІК БАҒЫТЫНА ҚАРАЙ ТАУЫҚТАР



- сонымен қатар өндірістік мәні жоқ көркемдік және жауынгер тауықтар да өсіріледі.



ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШ ТҰҚЫМЫ

- Жұмыртқалағыш тұқымы онша ірі емес, мекиені 1,7 – 2,2, қоразы 2,5 – 3 кг.
Леггорн, минорка, андалу 3, орыстың ақ тауығы, орлов, павлов, воронеж осындай қолтұқымдарға жатады
- етті-жұмыртқалағыш тұқымы сәйкесінше 2,3 – 2,8 және 3,4 – 3,8;
- етті тұқымы 3 – 3,5 және 3,8 – 4,5 кг салмақ тартады












ЕТТІ БАҒЫТТА ӨЕІРІЛЕТІН ТАУЫҚ ҚОЛТҰҚЫМДАРЫ.

- Етті бағытта өеірілетін тауық қолтұқымдары. Тауық еті жеңіл әрі сіңімді. Оның кұрамында адам ағзасына қажетті нәруыз, витаминдер, химиялық элементтер көптеп кездеседі.
- Бұл бағытта виандот, род-айленд, шантеклер, доминикан, дисерсей, корниш, плимутрок қолтұқымдары өсіріледі.
- Етті бағытта өсірілетін тауық қолтұқымдарының балапандары тез жетіледі әрі қарқынды өседі. Ондай 7-8 апталық балапандар орташа 1,5 - 1,8 кг салмақ тартады.
- Балапандарды бройлер деп атайды және осы кезде оларды жаппай сойып, сатуға шығарады.



- «**Бройлер**» - деген ағылшын сөзі, оның қазақша мағынасы «отқа қақтау» деген ұғымды білдіреді. Олардың еті жұмсақ әрі дәмді болады. Етінің құрамында өте бағалы нәруыз мол. Оларды өсіруге шығын аз жұмсалатындықтан, шаруашылық үшін тиімді.
- Бройлер балапандарын өсіру үшін арнайы жабдықталған **күс фабрикалары** жұмыс істейді.
- Әйнегі жоқ кең бөлмелердегі еденге қалың төсеніш жасап, сапалы құрама жеммен қоректендіреді. Тәулік бойы жасанды жарық пен қараңғылық үнемі алмастырылып тұрады.

Strain	1957	1978	2005
0 d	 34 g	 42 g	 44 g
28 d	 316 g	 632 g	 1,396 g
56 d	 905 g	 1,808 g	 4,202 g



- Тауықтар жыныстық жағынан ерте жетіледі (5 – 6 айда).
- Жұмыртқалағыш тұқымы басқа тұқымдарына қарағанда тез өседі
- Жұмыртқалағыш тауықтар жылына орта есеппен 220 – 250 дана, ал етті тұқымдылары 110 – 220 дана жұмыртқа береді.



- Тауықтар өсіретін шаруашылықтарда өнімі мол тұқымдық тауықтарды 2 – 3 жыл ұстайды.
- Тұқымдық тауық үйірінің 55 – 60%-ы жас, 30 – 35%-ы – 2 жастағы, 10%-ы 3 жастағы тауықтар болады. 8 – 12 тауыққа 1 қораз ұсталады.
- Тағамдық жұмыртқа алуда қораз ұстамаса да болады.



- Тауықтарды қолда өсіргенде қораны кең, жарық, су өтпейтін, жылы жерге салады. Ішінде тауықтарды азықтандыратын науалар, суаратын астаулар, жұмыртқалайтын ұялар болады, оларды жуып, дезинфекциялап отырады. Қыста қалың төсеніш үстінде ұстайды. Тауықтар қорасының алдына үлкендеу ашық алаң қоршалады. Сонымен қатар тауықтарды құс фабрикаларында, арнайы шаруашылықтарда өсіреді



- Күс қауырсыны (мамығы) күнделікті тұрмыс қажетіне де пайдаланылады.



- құс саңғырығы - сапалы тыңайтқыш.
- Созылған құстың ішкі мүшелерінің қалдықтары үй хайуанаттарына қорек ретінде пайдаға асады.





- Қолға үйретілген асыранды құстардың да арғы тегі өздеріне туыстас жабайы құстар. Қазіргі кезде қолға үйретілген құстардың 10-нан астам түрі белгілі. Тауықтәріздестерден - тауық, күркетауық, тысыр тауығы (цесарка), тауыс және жапон бөденесі.
- Үйрек пен қаз да ақолға үйретілген құстарға жатады. Кептер тәріздес құстар отрядынан қолға үйретілгені — көгершін.



БАСТЫ МАҚСАТ

- Құс шаруашылығын дамытудағы басты мақсат — олардың жұмыртқасы мен етін алу.




ҮЙ ТАУЫҒЫ

- түрқы шағын, салмағы 600-800 грамм, ұясын жерге салып, жылына 8-12 жұмыртқа салады. Үй тауықтарының барлық қолтұқымдары жабайы банкив тауығынан ұзақ жылдардағы сұрыптау нәтижесінде шығарылған, Үй тауығынан алынатын жұмыртқа мен етіне байланысты, бірнеше бағытта өсірілетін қолтұқымдар бар.




- Үй хайуанаттарын жіктеу кезінде жүйелік бірлік ретінде **қолтұқым** (порода) ұғымы қолданылады. Ұзақ уақыт қолдан сұрыптау нәтижесінде алынған бір түрге жататын үй хайуанаттарының тобын қолтұқым дейді. Әрбір қолтұқым белгілі бір мақсатқа сай (мысалы, жұмыртқа алу немесе дәмді ет үшін, т.б.) есіріледі. Қолтұқымның дене құрылысында, тіршілік әрекетінде өзіне тән белгілері болады. Ондай белгілер тұқым қуалап, ұрпақтарына беріліп отырылады.



леггорн




плимутрок бельй



род-айланд




московская



ню-гемпшир



плимутрок полосатый



корниш



бройлер



- Тауықтарды азықтандыру ерекшеліктері тұқымына, өнімділік бағытына байланысты. Жемі – арнайы дайындалған құрама жем.



- Әсемдік, жауынгер
Тауықтарды әуесқой
құс өсірушілер әсем
қауырсыны немесе дене
кұрылысы үшін, түрлі
мақсаттар үшін
(төбелестіру, т.б.)
өсіреді. Әсемдік
тауықтар өте кішкентай,
ергежейлі, қауырсыны
бұйра, жібектей
жылтыр болады.

